# Пакістан Ислам Республикасы үкімет делегациясының 1995 жылғы тамызда Қазақстан Республикасына сапары кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 25 қаңтардағы N 95

Пакістан Ислам Республикасы үкімет делегациясының сапары кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-пакістан ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Пакістан Ислам Республикасы Премьер-Министрінің басшылығымен Пакистан Ислам Республикасы үкімет делегациясының 1995 жылғы тамызда Қазақстан Республикасына сапары кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары /қоса беріліп отыр/ бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері жоспарда көзделген шараларды орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне кемінде жылына бір рет мәлімдейтін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
25 қаңтардағы
N 95 қаулысымен
бекітілген

Пакістан Ислам Республикасы үкімет делегациясының

1995 жылғы тамызда Қазақстан Республикасына сапары
кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды
жүзеге асыру жөніндегі шаралар
ЖОСПАРЫ

| N | Шаралардың атауы | Орындалу мерзімі | Атқаруға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | 1996 жылдың бірінші тоқсанында Исламбадта сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссияның III мәжілісін өткізу | 1996 жылдың 1 тоқсаны | Өнеркәсіпсауда мині Сыртқыістермині Көліккоммині |
| 2. | Мұнай және газ өнеркәсібі аумағында ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұсыныс енгізу: | 1996 жылдың II тоқсаны | |
| | 1. Пакістан компанияларын /соның ішінде бірлескен кәсіпорын түрлерін де/ мұнай мен газ өндіру, өңдеу және тасымалдау, скважиналарды күрделі жөндеуден өткізу, құрал-жабдықтар өндіру, сервистік және консалтингтік қызмет көрсетуге тартудың пайдалылығын айқындау | | Мұнайгазөнеркәсіпмині Экономмині |

| | | |
|---|---|---|
| 3. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Пакістан Ислам Республикасы Үкіметі арасында инвестицияларды өзара қорғау және қолдау жөнінде Келісім әзірлеу. | 1996 жылдың II тоқсаны | Қаржымині /ШКПК/ Әділетмині Сыртқыістермині Экономмині |
| 4. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Пакістан Ислам Республикасы Үкіметі арасында жастар саясаты, туризм және спорт саласындағы Келісім әзірлеу. | - " - | Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі |
| 5. Бірлескен қазақстан-пакистан банкін құру және Қазақстанда пакістан банкісінің филиалын ашу жөнінде даярлық жұмыстарын жүргізу. | - " - | Ұлттық банк |
| 6. Көлік қатынасы саласында ынтымақтасу жөнінде ұсыныс енгізу: | | |
| - автомобиль қатынасы және төрт жақты транзиттік тасымал туралы келісім жөнінде қол қойылған қазақстан-пакистан келісімін жүзеге асыру жөнінде. | ақпан | Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 7. Қазақстанда халық тұтынатын тауарлар сататын Пакістанның дүкендер желісін ашу мүмкіндігі жөнінде мәселелерді пысықтау | - " - | Өнеркәсіпсауда мині, қалалар мен облыстар әкімдері, Меммүліккомы |
| 8. Өнеркәсіп саласында екі жақты ынтымақтасуды дамыту жөнінде ұсыныс енгізу: | | |
| - өндіріс саласында, жеңіл өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтауда ынтымақтасу | - " - | Өнеркәсіпсауда мині, Геология мині, Құрылыс |

| | | |
|---|---|---|
| мүмкіндіктерін байқау | | мині, Ауылшар мині, Денсаулық мині, Жеңіл өнеркәсіп АҚ |
| - көкөніс пен жеміс жидектен консерві өнімдерін, кондитер өнімдері мен тоқыма бұйымдарын бірлесіп өндіру жөнінде | - " - | Ауылшармині Өнеркәсіпсауда мині Экономмині |
| 9. Қазақстандық мамандардың Пакістан. дағы энергетикалық объектілер құрылысына қатысу мүмкіндігін қарау | 1996 жылдың II тоқсаны | Энергиякөмір мині |
| 10. Әскери ауқымда мәселені қарау және ұсыныс енгізу: | 1996 жылдың I тоқсаны | Қорғанысмині Экономмині Өнеркәсіпсауда мині Сыртқыістермині |
| - қорғанысқа арналған өңдеу, өндіру және жабдықтау бұйымдары саласында ынтымақтасу жөнінде ұсыныс жасау; | | |
| - қорғанысқа арналған қазақстандық кәсіпорындарды конверсиялау ауқы. мында ынтымақтасу жөнінде ұсыныс жасау; | | |
| - әскери атташе алмасу, әскери ауқымда ынтамақтасудың ретін орайластыру мақсатында қорғаныс министрлерінің өзара сапары жөнінде мәселені талқылау. | | |
| 11. Ғарыштық және материалтану зерт. теулері саласында пакістан ғалым. дарымен байланыс орнату мүмкіндіктерін анықтау | Наурыз | Ғылыммині, ҰҒА |

| | | |
|---|---|---|
| 12. Жоғары білім және ғылыми сынақтан өту саласында алмасуды дамыту жөнінде ұсыныс енгізу. | ақпан | Біліммині |
| 13. Қазақстан-пакістан кәсіпкерлерінің конгресін әзірлеу және өткізу | қыркүйек | Өнеркәсіпсаудамині, Сауда-өнеркәсіп палатасы, Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің конгресі Экономмині |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК